



УДК 343.622

Байгундинов Ельдос Нагымбаевич

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: ben_semcity@mail.ru

АНАСЫНЫҢ ЖАҢА ТУҒАН БАЛАНЫ ӨЛТІРУІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық сипаттама беріледі. Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің, адам өліру қылмыстық құқық бұзушылығынан айырмашылығы қарастырылады. Анасының жаңа туған баласын өлтіргендігі туралы істерден мыналар қарастырылады: мұндай қылмыстарға баланы босана салысымен кіндігін кеспестен және емізуге әрекет жасамастан, яғни барлық жағдай жаңа туған сәбидің өмірін сақтап қалуға ешқандай белсенді шаралар қабылдамаған қылмыстар жатады. Бала өлтіру деп анасының жаңа туған баласын туған кезде бірден немесе туғаннан кейін өлтіруі білдіреді. Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықты онша қауіпті емес қылмыс түріне жатқызу туралы мәселе даулы мәселе.

Түйін сөздер: өлтіру, жаңа туған, қылмыстық жауапкершілік.

Описание уголовно правовых особенностей убийства матерью новорожденного ребенка. Различии уголовных правонарушении убийства матерью новорожденного ребенка и убийства. По делам убийства матерью новорожденного ребенка рассматриваются: к таким преступлениям относятся как не прерывая ребенка после рождения ребенка и без попыток кормить грудью, то есть все преступления, которые не принимали никаких активных мер для спасения жизни новорожденного ребенка. Убийства ребенка это что мать убьет новорожденного при рождении или сразу после рождения. О проблеме рассматриваемого уголовного правонарушение как преступления средней тяжести.

Ключевые слова: убийство, новорожденный, уголовная ответственность.

Description criminally legal features of the killing of the mother of a newborn child. Differences in the criminal offense of killing the mother of a newborn child and killing. In cases of ubiquity, the mother of a newborn child is considered: such crimes are treated as not interrupting the child after the birth of the child and without attempting to breastfeed, that is, all crimes that did not take any active measures to save the life of the newborn child. Killing a child is that the mother will kill the newborn at birth or immediately after birth. On the problem of the considered criminal offense as a crime of medium gravity.

Keywords: murder, newborn, criminal responsibility.

Қазақтың өзгелерге ұқсамайтын ерек қасиеттерін суреттейтін бауырмал, балажан деген анықтауыштар сөздік қорымыздан сиреп бара жатқандай. Бұған соңғы кездері құлағымызға жиі ілінетін жантүршігерлік оқиғалар себеп. Ең сорақасы, «жаңа туған баласын қоқыс жәшігіне тастап кетті», «баласын

азаптап өлтірді», «анасына пышақ салды», «әкесін айуандықпен өлтірді» деген ақпараттарға етіміздің үйреніп кеткені. Әсіресе, өзінің ішінен шыққан баласын өз қолымен өлтірген аналар туралы хабарлар газет беті мен эфир уақытын босатпайтын болды. Ана өз баласын өлімге қалай қиды? Патологиялық

қатыгездік қазақ қоғамына қайдан келді? Тасбауыр әке мен безбүйрек аналардың көбею себебін іздер болсақ, мәселенің бір ұшы елімізде психология ғылымының кенже дамуына келіп тіреледі. 1845 жылы Ресей заңдарында жаңа туған баласының жанын алған безбүйрек аналардың психикалық жағдайын зерттеу, күдіктіге жаза тағайындау кезінде оның психикалық жағдайына байланысты жеңілдіктер жасау қарастырылды. 1980 жылдары Еуропаның көптеген елдерінде психикалық ауытқушылығы салдарынан баласына қол жұмсаған аналардың жазасы жеңілдетіле бастаған.

Еліміздің кейбір психологтары босанған аналар қылмысқа уақытша психикалық ауытқушылықтың әсерінен баруы мүмкін. Өз шаранасын өлтірген әйелдер сол сәтте аффектілік күйде болады, яғни өз әрекеттеріне есеп бере алмайды. «Кез – келген жүкті әйелдің бойында көңіл күй өзгерісінің болуы қалыпты жағдай. Ал кейбір әйелдер бала туғаннан кейін жан күйзелісін бастан кешуі мүмкін. Оның себебі, болашақ анаға босанғанға дейінгі ішкі және сыртқы факторлардың қаншалықты деңгейде ықпал етуіне байланысты. Әрбір жүкті әйел психоэмоционалды күйін үнемі бақылауда ұстап және дер кезінде қажетті маманнан кеңес алып отырса, бұндай жағдайлардың алдын алған болар едік», - дейді. Психологтардың сөзінің жаны бар, біздің қоғамда психологқа жүгінуді ұят санайтын, маманның қабылдауына жіберсе, кеміту, қорлау деп ұғатындар жетерлік. Тәніміз ауырғанда дәрігердің көмегіне қаншалықты жүгінсек, жанымыз ауырғанда да маманның көмегіне соншалықты зәру екенімізді ескере бермейміз[1].

Батыс психологтары анасының біршама жасқа келген баласын өлтіруін әлеуметтік түйткілдермен байланыстырады. Жалпы психологияда ананың баласын жек көруінің төрт себебі көрсетіледі. Біріншісі – әйелдің күйеуін жек көруі. Яғни күйеуіне іші жылымайтын әйел өшін баладан алуы мүмкін. Мәселен, өткен жылы Тараз қаласының 26 жасар тұрғыны бес және бір жарым жастағы екі баласын жастықпен тұншықтырып өлтірген болатын. Бауыр еті балаларын өлімге қиған ана мұндай қатыгездікке «күйеуіммен жанжалдасқан соң бардым» деп түсініктеме берген. Көршілері де ерлі-зайыптының арасында жиі түсініспеушілік болатынын растапты.

Ананың өз баласын жек көруіне екінші себеп – әйелдің ішімдікке жақын болуы. Ащы суға

салынған ананың жайы белгілі, ал егер күйеуі де маскүнем болса, жүйкесін ішімдік жұқартқан ата-ананың баланы жазым етуі жиі кездесетін жайт. Психологтардың айтуынша, баланы жек көретіндердің қатарында әлі жастық буы басылмаған, желігі тарқамаған тым жас аналармен қатар өзін қатты жақсы көретін, әлем бір өзіне ғана қызмет етуге тиіс деп ойлайтын өзімшіл әйелдер де бар. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының тұрғыны Татьяна Лапаногованы көршілері осындай адамдардың қатарына жатқызады. Қаныпезер ана екі баласын бірдей пышақтап тастаған. 5 және 12-жастағы бүлдіршіндер өз үйінде қанға бөкті. Адам сенбейтін қылмысқа барған жас ананың қолынан кенже ұлы оқиға орнында көз жұмған. Ал, жарақат алған соң сыртқа қашып шыққан үлкен ұлы көршілерінің арқасында аман қалды.

Мейірсіз анаға заң неге мейірімді? Бауыр еті баласын өлімге қиятын аналар көбейіп кеткендіктен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне «Жаңа туған баланы анасының өлтіруі» деп аталатын 100-бап енгізілген болатын. Бұл бап бойынша, «анасының өзінің жаңа туған баласын туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылуы жағдайында өлтіруі – төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана, абайсызда қазаға ұшыратуды білдіреді. Адам өлтіруді екі түрге бөлуге болады:

1. Ашық адам өлтіру;
2. Жасырын, құпия адам өлтіру.

Ашық адам өлтіру өздеріне таныс басқа адамдар болған кезде, немесе олар болмаған кезде, бірақ өзінің күнәсін олардан жасыруға әрекет етпей жасау. Бұған кінәлі адамның ізіне түсу нәтижесінде оқиға болған жерде ұстау жағдайлары немесе ізін суытпай немесе қылмыс жасаушының өз еркімен кінәсін мойындап келу жағдайы жатады. Кейбір әдебиеттерде «бала өлтіру» деген түсінік бар, оны шын мәнісінде түсінетін болсақ, ол кез-келген баланы кез-келегін адамның өлтіруін қамтиды.

Бала өлтіру деп анасының жаңа туған баласын туған кезде бірден немесе туғаннан кейін өлтіруі білдіреді. Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықты онша қауіпті емес қылмыс түріне жатқызу туралы мәселе

даулы мәселе. Кейбір авторлар бұл мәселені оң шешу үшін ешқандай негіз жоқ, ал басқалары анасының жаңа туған нәрестесін өлтіруін аяушылық жағдайы кезінде адам өлтірудің дербес құрамына бөліп қарау керек деген пікірлер айтты. Енді мәселе өз шешімін тапты.

Анасының жаңа туған баласын өлтіргені үшін басқа адам өлтіру қылмыстарына қарағанда, осы қылмыстық кодекске жатқанымен онша қатал жаза берілмеген. Бұл кездесок жайыт емес, өйткені мұндай істер бойынша әйелдің басқаша жағдай кезінде жасаған қылмысы туралы білмейтін жағдай анықталған.

Анасының жаңа туған баласын өлтіргендігі туралы істерден мыналар қарастырылады: мұндай қылмыстарға баланы босана салысымен кіндігін кеспестен және емізуге әрекет жасамастан, яғни барлық жағдай жаңа туған сәбидің өмірін сақтап қалуға ешқандай белсенді шаралар қабылдамаған қылмыстар жатады.

Жаңа туған сәбидің зорлықпен өлтіруінің барлығы адам өлтіруге жатпайды. Өйткені, сәби

босану кезінде кіндігіне оралып, тұншығып өлуі, анасының жатырында тұншығуы мүмкін, анасымен байланысының мерзімінен бұрын үзілуі нәтижесінде болуы мүмкін. Мысалы, баланың орнының баланың басы шыққанға дейін ажырауы, босану кезіндегі баланың бас сүйегі мен миының зақымдануы, босану кезінде дәрігерлік аспаптар қолдану немесе босануды тездету үшін баланы басынан не мойнынан тартқан кезде зақымдану нәтижесінде болуы да мүмкін [2, 25бет].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті жағы – бұл жасалған қоғамға қауіпті әрекетке, оның салдарына тұлғаның ішкі, психикалық қатынасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Сонымен қатар белгілері: қылмыстың кінәсін, ниетін, мақсатын құрайды. Қылмыстың мотиві мен мақсаты қылмыстың субъективті жағының белгілері болғанымен, кінәдан айырмашылығы міндетті белгілері емес, ал факультативті белгілері болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лепесова А. «Қоқыс жәшігі бесігіне айналған тастанды сәбилердің саны неге артуда?» //«Ақ жол» газеті. 19.05.2015ж.;
2. Ағыбаев А.Н. «Қылмыстық құқық» ерекше бөлім, Алматы: Жеті жарғы, 2011ж. – 256 бет.
3. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть /А.Н. Агыбаев от 12.10.1999г.
4. Алауханов Е.О., Бапанов Т.Ә., Әбілезов Е.Т., Қайдаров Р.Е. «Қылмыстық құқық» жалпы және ерекше бөлімдер (альбом-кесте), «Nurpress» баспасы, Алматы 2011. – 216 бет.

Байгундинов Ельдос Нагымбаевич

Лауазымы: «Құқықтану» мамандығының 2 курс докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абай 94

Ұялы. Тел: +7 701 618 00 03

Анасының жаңа туған баланы анасының өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері

Байгундинов Ельдос Нагымбаевич

Должность: докторант 2 курса специальности «Юриспруденция», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, Абая 94

сот. Тел: +7 701 618 00 03

Уголовно-правовые особенности убийства матерью новорожденного ребенка

Baigundinov Yeldos Nagimbayovich

Position: Doctoral student of the 2nd course of the specialty «jurisprudence», Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Abay St. 94

Mob.phone: +7 701 618 00 03

Criminal legal features of the murder of a newborn baby by the mother